

А.М. Досанова¹ , А.Б. Жанибекова^{1*} ,
А. Бурангалиева² , Д. Жолмырзаева¹ 

¹Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан

²Халықаралық білім беру корпорациясы, Алматы, Қазақстан

*e-mail: zhanibekova.altynai@gmail.com

ҚАЗАҚСТАН ЖАСТАРЫНЫҢ ТІЛДІК РЕПЕРТУАРЫ

Мақала Қазақстан жастарының тілдік репертуарын зерттеуге арналған. Көптілді мемлекетте туып, білім алып жатқан жастардың тілдік репертуарын қарастыру зерттеу жұмысының мақсатын құрайды. Жастардың тілдік репертуары басқа әлеуметтік топтардың тілдік ресурстарына қарағанда спецификалық ерекшеліктерге толы. Олардың тілдік репертуарының қалыптасып дамуында мемлекеттік деңгейдегі тілдік мәселелер маңызды рөл атқарады. Сондықтан зерттеу жұмысында еліміздің тілдік саясаты мен тілдік жағдаятына шолу жасалады. Зерттеу барсында байқау әдісінің көмегімен жастардың тілдік ресурстарының алуантүрлілігі олардың сөйлеуінде тілдердің жиі араластырылып қолданылуына әкеледі деген болжам жасалды. Сауалнама әдісінің көмегімен жастардың ана тілін және шет тілдерін меңгеруі туралы деректер жиналды. Жастардың тілдерді араластырып сөйлеу, кірме сөздер мен сленгтерді қолдануға деген көзқарастары талданды. Зерттеу материалдары қазақстандық жастардың үш және одан көп тілдерді меңгергендігі және сол тілдерді жарыспалы сипатта пайдаланудан туындайтын лингвистикалық феномендер туралы тұжырымдауға мүмкіндік береді. Зерттеу нәтижелері тілдік қатынастар теориясын, көптілділік, көптілдік мәселелерін зерттеуде және шеттілдік білім беру мен білім алушылардың тілдік репертуарының байланысын зерделеуде қажет. Мақалада жастар тіліндегі креолизация, код ауыстыру, гибриді сөзқолданыс құбылыстары нақты мысалдармен сипатталады. Осы арқылы зерттеу қазіргі жастар тілі мен қоғам арасындағы күрделі тілдік өзара әрекеттестікті ашып көрсетуге бағытталған.

Түйін сөздер: тілдік репертуар, лингвистикалық репертуар, жастар тілі, тілдік алуантүрлілік.

A.M. Dossanova¹, A.B. Zhanibekova^{1*},
A. Burangaliyeva², D. Zholmyrzayeva¹

¹Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan

²The International Educational Corporation, Almaty, Kazakhstan

*e-mail: zhanibekova.altynai@gmail.com

Language repertoire of Kazakhstani youth

The article is devoted to the study of the language repertoire of Kazakhstani youth. The purpose of the study is to study the language repertoire of young people born and educated in a multilingual country. The language repertoire of young people is full of specific features compared to the language resources of other social groups. Linguistic realities of the state level play an important role in the formation and development of their language repertoire. In this regard, the work provides a brief overview of the language policy and the language situation in Kazakhstan. In the course of the study, using the observation method, a hypothesis was put forward that the diversity of languages in the linguistic repertoire of young people leads to frequent mixing of languages in speech. Data on the level of youth proficiency in their native language and foreign languages were collected using a survey. The attitude of young people to the mixing of languages, the use of borrowed words and slang was analyzed. The research materials allow us to draw conclusions about the linguistic phenomena that arise when Kazakhstani youth speak three or more languages and use these languages competitively. The results of the study are useful in studying the theory of language contacts, problems of bilingualism, multilingualism, as well as the relationship between foreign language education and the language repertoire of students. The article describes the phenomena of creolization, code-switching, and hybrid word usage in youth language with concrete examples. Through this, the study aims to reveal the complex linguistic interaction between youth language and society.

Key words: language repertoire, linguistic repertoire, language of youth, linguistic diversity.

А.М. Досанова¹, А.Б. Жанибекова^{1*},
А. Бұранғалиева², Д. Жолмырзаева¹

¹ Казахский национальный университет имени аль-Фараби, Алматы, Казахстан

² Международная образовательная корпорация, Алматы, Казахстан

*e-mail: zhanibekova.altynai@gmail.com

Языковой репертуар казахстанской молодежи

Статья посвящена изучению языкового репертуара казахстанской молодежи. Целью исследования является изучение языкового репертуара молодых людей, родившихся и получивших образование в многоязычной стране. Языковой репертуар молодежи полон специфических особенностей по сравнению с языковыми ресурсами других социальных групп. Языковые реалии государственного уровня играют важную роль в формировании и развитии их языкового репертуара. В связи с этим в работе дается краткий обзор языковой политики и языковой ситуации Казахстана. Анализируя материалы, собранные методом наблюдения, была выдвинута гипотеза о том, что разнообразие языков в лингвистическом репертуаре молодежи приводит к частому смешению языков в речи. Данные об уровне владения молодежью родным языком и иностранными языками были собраны методом опроса. Проанализировано отношение молодежи к смешению языков, использованию заимствованных слов и сленга. Материалы исследования позволяют сделать выводы о языковых явлениях, возникающих при конкурентном использовании языков. Результаты исследования могут быть полезны при изучении теории языковых контактов, проблем двуязычия и многоязычия, а также взаимосвязи иноязычного образования и языкового репертуара обучающихся. В статье явления креолизации, переключения кодов и гибридного словоупотребления в молодежной речи описываются с конкретными примерами. Через это исследование направлено на раскрытие сложного языкового взаимодействия между молодежным языком и обществом.

Ключевые слова: языковой репертуар, лингвистический репертуар, язык молодежи, языковое разнообразие.

Кіріспе

Тілдік репертуар концепциясы бүгінгі лингвистикалық зерттеулердің өзегін құрайды. Сөйлеушілердің тілдік күзіреттілігі туралы мағлұмат беретін тілдік репертуарды зерттеу арқылы адамдар бір мәдениет ішінде және мәдениеттер тоғысында қандай тілдерді қолданатынын анықтауға болады. Тілдік репертуарлар тілді қолдану мәселесінің табиғанытының мәнін ашып, күнделікті қарым-қатынастың шынайы көрінісі арқылы теориялық лингвистика зерттеулерін қолданбалы тұрғыда негіздейді.

Лингвистикалық зерттеулердің келешегі адамдардың тілдерді әртүрлі жағдаяттарда қолдану жолдарын зерделеуге басымдық береді деп болжануда. Тілді зерттеудегі бұндай өзгеріс тілдің қолданылу ерекшелігін толыққанды талдауға мүмкіндік береді. Динамикалық сипатқа ие сантүрлі тілдік репертуарлар табиғатын зерттеу жаһандық дәуірдегі тілдердің өмір сүру формалары мен олардың араласу фактілерін айқындауға көмектеседі.

Тұлғаның тілдік репертуарының қалыптасып дамуында мемлекеттік деңгейдегі тілдік саясат, тілдік жағдаят сияқты үдерістер маңызды рөл атқарады. Қоғам дамуының және халықтар

арасындағы тұрақты әлеуметтік-экономикалық және мәдени қатынастар орнауының нәтижесінде еліміздің аумағында көптілділік жаппай бұқаралық құбылыс ретінде көрініс тауып отыр. Ал, жастардың тілдерді меңгеруі тұрғысынан қарағанда, Қазақстан тіпті көптілдіктің мысалы бола алатын тілдік кеңістікке айналып отыр. Еліміздегі этностардың алуантүрлілігі республика территориясында бірнеше тілдің қызмет етуіне әкелді. Елімізге көпмәдениеттілік пен көптілділік тән. Қарым-қатынастың негізгі құралы ретінде қазақ және орыс тілдері сипатталады. Бүгінде көптілділік республикадағы ең маңызды тілдік көрсеткіш болып табылғанымен, ағылшын тілі де қоғам өмірінің айнымас бөлігіне айналып отыр.

Қазақстан Республикасының тілдік саясаты мен тілдік жоспарлауында қазақстандық көптілді тұлғаны қалыптастыруға бас мән беріледі. Тілдік саясат бойынша мемлекеттік тіл мәртебесін арттыруға, оны ары қарай дамытып насихаттауға, орыс тілінің функционалдық маңыздылығын сақтауға, еліміздегі өзге этнос өкілдерінің тілдерін дамытуға ағылшын тілін меңгеру мен пайдалануға ерекше көңіл бөлінеді.

Бүгінгі таңда ағылшын тілі кез келген қоғамның әлеуметтік, экономикалық және мәдени дамуының басты ресурсы екенін айта кеткен

жөн. Әлемнің көптеген елдері ағылшын тілін насихаттауды саяси деңгейде көтереді. Бұл ағылшын тілінің халықаралық аренадағы салмағын айқындай түседі. Ағылшын тілін насихаттаудың негізгі тетіктерінің бірі оның елдердің білім беру кеңістігіне енуі. Қазақстандық оқу орындарының барлығында дерлік шет тілі ретінде ағылшын тілі оқытылады. Сол себепті қазақстандық жастардың тілдік репертуарында ағылшын міндетті түрде кездестіріміз.

Қазақстан Республикасында тілдерді дамыту мен қолданудың мемлекеттік бағдарламасында мемлекеттегі негізгі тілдік индикатор ретінде қазақ, орыс тілдерімен қатар ағылшын тіліне ерекше назар аударылып отыр.

Қазақ, орыс және ағылшын тілдерін қатар меңгеру Қазақстан жастары алдындағы негізгі міндеттердің бірі болып есептеледі. Жалпы алғанда, жастар тілі – зерттеушілердің назарынан тыс қалмайтын лингвистикалық феномен. Жастар тіліндегі сленгтер мен жаргондар (Касумова, 2019; Калашникова 2014), жастардың қазақ тілінде сөйлеу ерекшеліктері (Кенжеғалиева, 2024), жастардың тілдік сәйкестендіруі (Баймырза, 2021) сияқты мәселелер қашан да отандық және шетелдік тілші ғалымдардың зерттеу нысанында.

Тілдің әлеуметтік алуантүрлілігі тұрғысынан алғанда жастардың лингвистикалық репертуары басқа әлеуметтік топтардың тілдік ресурстарына қарағанда спецификалық ерекшеліктерге толы (Малеева, 2011). Себебі, жастар әлеуметтік өзгерістерге икемді, шет тілдерін меңгеруге ұмтылатын, үнемі ісденіс пен даму үстіндегі, еліктеушілік пен қызығушылық сезімдерін бастан кешіруші қоғам мүшелері болып табылады. Жастардың тілдің репертуары қай кезде болмасын қоғамның тілдік-мәдени бейнесінің көрінісін сипаттайды. Бүгінгі қазақстандық жастардың тілдік репертуарын талдау арқылы Қазақстанның тілдік жағдаятын айқындауға болады.

Материалдар мен әдістер

Зерттеу жұмысында лингвистикалық репертуар мәселесі бойынша ізденістердің нәтижесінде Қазақстан қоғамындағы жастардың тілдік репертуарларының ерекшеліктеріне талдау жүргізіледі.

Зерттеудің бірінші кезеңінде кіріктірілген байқау және сауалнама әдістері арқылы зерттеу материалы жинақталды. Сауалнама қазақ және орыс тілдерінде жүргізілді. Қазақ тіліндегі

сауалнамаға 20 респондент және орыс тіліндегі сауалнамаға 20 респондент қатысты. Сауалнама төлқұжаттық бөлімнен және респонденттердің тілдік репертуарын анықтауға арналған арнайы сауалдардан тұрды.

Екінші кезеңде жинақталған деректерді өңдеуге арналған интерпретация, сандық талдау әдістері пайдаланылды.

Зерттеуде тілдік репертуар мәселесінің теориялық-әдіснамалық және қолданбалы тұстарын қарастыру үшін талдау, жүйелеу, сараптау сияқты әдістер пайдаланылды.

Әдебиеттерге шолу

Тілдік репертуар концептісі 1960 жылдарда Индия мен Норвегияның жергілікті халқының сөйлеу ерекшеліктерін зерттеп, новаторлық зерттеу жұмыстарын жүргізген Дж. Гумперцтің есімімен байланысты. Гумперцтің еңбектеріне сүйене отырып (1960, 1964), Буш тілдік репертуарды белгілі бір қауымдастық өкілдерінің өзара әрекеттесу барысында қолданатын тілдерінің, диалектілер мен стильдердің, кодтар мен субкодтардың жиынтығы деп анықтайды (Busch, 2006).

Тілдік репертуар термині тілдік қауымдастықтың ауызша және жазбаша сөйлеу үлгілерінен көрініс табатын тілдік алуантүрлілігін сипаттау үшін қолданылған (Fishman, 1972). Тілдік репертуар вербалды репертуар деп те аталған (Finegan, 2004).

Соңғы онжылдықта тілдік репертуар түсінігінің мағынасы кеңейе түсті. Себебі, қазіргі ғылымда тұлғаның жеке басын сәйкестендіру мәселесі де тілдік репертуар ұғымының аясында қарастырылуда. Жаһандану заманындағы қоғам өмірінің жан-жақтылығы да бұл концепцияны анықтауға өзгерістер енгізуде.

Кейінірек тілдік репертуар термині тілдерді оқыту мәселесіне қатысты ғылыми жарияланымдарда қолданыла бастады. Лингвадидактикалық аспектідегі бұндай мақалаларда шет тілдерін үйретуде тұлғаның тілдік репертуары толық талданып, ескерілуі керектігі туралы айтылды. Осыған байланысты CEFR де тілдік репертуардың шет тілдерін үйретудегі рөліне баса мән береді. CEFR код ауыстыру, код араластыру, тіларалық нұсқалық сияқты құбылыстарды тілдік репертуарды тиімді басқару арқылы белгілі бір сөйлеу стратегиялары мен тактикаларын жүзеге асыруда пайдалануға болатынын алға тартады (Consejo de Europa, 2001).

Буш (2015) лингвистикалық репертуарды қажеттілікке сай керегін алуға мүмкіндік беретін «күрал-саймандар жәшігіне» теңейді. Өйткені, сөйлеушілер өздері меңгерген тілдер арасынан коммуникативтік жағдаятқа байланысты тиістісін пайдаланады. Лингвистикалық репертуар адамдардың тілдік ресурстарының азаюы не көбеюіне байланысты өзгеріп отырады.

Біртілді немесе көптілді тілдік репертуарлар түрлі әрекеттерге, коммуникативтік жағдаяттардың тақырыптары мен адресат пен адресанттардың алмасуына байланысты өзгеріп отырады (Finegan, 2004: 319).

Тіл мен мәдениеттің арасындағы тығыз байланыс тілдік репертуарды мәдени репертуардың бір компоненті ретінде қарастыруды қажет етеді. Мәдени репертуар адамның жеке басын сәйкестендіру үшін қолданылатын ресурстар жиынтығын білдіреді (Bhabha, 1994; Garrett, 2016). Бұл мәселеде тіл ең негізгі факторлардың бірі екені сөзсіз. Тілдік репертуар сөйлеушілерді тіл иеленуші және жай ғана тілді білуші деп ажыратуға мүмкіндік береді. Тілдік репертуардың алуантүрлілігі адамдарды қандай да бір дискриминациядан қорғап, олардың әлеуметтік мәртебесін арттырып, сауаттылығын танытуға жәрдемдеседі.

Тілдік репертуардың қалыптасуы жылжымалы сипатқа ие. Оған әсер ететін факторлар жетерлік.

Отбасы: отбасында, үй ішінде қолданылатын тілдер мен диалектілер тілдік репертуардың негізін құрайды.

Білім беру саласындағы тәжірибе: дәстүрлі білім беру және оқу үдерісі жаңа тілдермен, академиялық және кәсіби регистрлер және стильдермен танысуға мүмкіндік береді.

Әлеуметтік әрекеттесу: қоғам мүшелерімен қарым-қатынас орнату, қызығушылықтары бойынша адамдармен бірігу, әлеуметтік желілерді қолдану үшін пайдаланылатын белгілі бір диалектілер немесе сленгтер.

Мәдени ықпал: саяхаттау кезінде немесе көпмәдениетті ортада өмір сүруде әртүрлі мәдениеттердің әсерінен енетін тілдер немесе жекелеген фразалар арқылы тілдік репертуар толығып отырады.

Жаһандану: бұқаралық ақпараттық құралдар мен технологиялар арқылы тілдердің жаһандық таралуы нәтижесінде кірме сөздер енуінен тілдік репертуар өзгеріске ұшырайды.

Экономикалық уәж: адамның қажеттіліктерін өтеуде экономикалық тұрғыда беделді тілдерді

меңгеруге деген қызығушылық тілдік репертуардың толығыуының бірден бір себебі.

Көптілді отбасында туып-өскен, халықаралық мектепте оқыған, әртүрлі қоғамдық шараларға қатысатын, көп саяхаттайтын адамның тілдік репертуары бұндай мүмкіндері жоқ тұлғалардың репертуарына қарағанда бай және алуантүрлі болары сөзсіз.

Әлеуметтік лингвистика тұрғысынан тілдік репертуар қоғамдағы тілдердің функциясын, тілдер қатынасын, қандай да бір елдегі тілдік жағдаятты және тілдік саясатты көрсететін индикатор ретінде қарастырылады. Жекелеген тұлғалардың тілдік репертуары қоғамдағы тілдік алуантүрлілік пен тілдік өзгерістердің динамикасын көрсетеді.

Тілдік репертуар арқылы зерттеушілер келесі деректерге қол жеткізе алады:

- тілдің әртүрлі әлеуметтік жағдаяттарда нұсқалану жолдарын анықтап, талдау;
- күнделікті өмірде адамдардың әртүрлі тілдік нұсқаларда бағдарлануын талдау;
- тілдің қолданылуы және жеке бастың сәйкестендірілуі, қоғамдық биліктің өзгеруі және т.б. айнымалылардың байланысын зерттеу.

Әр адамның тілдік репертуары қайталанбайтын бірегей құбылыс болып табылады. Себебі, тілдік репертуардың қалыптасуына адамның өмірлік тәжірибесі әсер етеді. Адамдардың отбасында, туыстармен, достарымен сөйлесетін тілі, жұмыста қолданатын кәсіби жаргондары, тіпті бейвербалды амалдары тілдік репертуардың бірегейлігін қамтамасыз етеді.

Тілдік репертуар – бір немесе бірнеше тілге қатысты адамдардың білімі мен дағдыларының жиынтығы. Тілдік репертуар тілдердің диатопикалық, диафазикалық, диастратикалық және диахроникалық алуантүрлілігінен тұруы мүмкін (Blommaert, Backus, 2011). Бұндай репертуарға тілдің фонетикалық, лексикалық, грамматикалық, дискурстық, мәтіндік, прагматикалық, графикалық деңгейлерінің элементтері кіреді. Лингвистикалық репертуар адамдардың тілдік күзіреттілігін көрсетеді. Лингвистикалық репертуар концепциясы бір тілге немесе тілдер тобына қатысты да қолданылады.

Көптілді лингвистикалық репертуар кезінде әртүрлі сөйлеу жағдаяттарына байланысты тілдерді үйлестірумен байланыстырылса, біртілді репертуарға қатысты сол тілдің әртүрлі стильдік, диалектілік және т.б. нұсқаларының қолданылуымен түсіндіріледі (Kachru, 1982).

Қазақстан жастарының тілдік репертуары ана тілімен қатар бірнеше шет тілдерінен тұратын күрделі репертуар болып табылады. Жастардың тілдік репертуар тұрақты емес. Оған да динамикалық сипат тән. Себебі, отбасында бір тілде сөйлеп жүріп, балабақша және мектепте, одан кейін жоғары оқу орындарында, жұмыс бабы сияқты өмірлік мәселелерде тұлғалардың тілдік репертуарының өзгеруі Қазақстан үшін қалыпты жағдайлардың бірі. Отбасы мен жұмыс тілінің, балабақша мен мектеп тілінің сәйкес келмеуі жастардың тілдік арсеналындағы тілдерді араластырып, алмастырып сөйлеуіне әкеледі.

Нәтижелер мен талқылау

Қазақстан жастарының тілдік репертуарын зерделеу үшін зерттеудің алғашқы кезеңінде пассив байқау әдісі арқылы жастар сөйлеуіне бақылау жүргізілді. Пассив байқау кезінде жастардың бірнеше шет тілдерін меңгергендігі әсерінен тілдерді араластырып сөйлейтіндігі, олардың сөйлеуінде код ауыстыру, код алмастыру, интерференция, интеркаляция, шеттілдік қыстырма сөздер сияқты ерекше тілдік феномендер назар аудармалы. Жастардың тілдік репертуарының алуантүрлілігінің олардың сөйлеуіне беретін оң және теріс әсері алаңдатушылық туғызды.

Жастардың тілдік репертуарына енетін тілдерді айқындап, тілдік репертуарларының қалыптасу алғышарттарын айқындау үшін арнайы сауалнама жүргізілді.

Сауалнама әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, «Шетел тілі: екі шетел тілі» мамандығының қазақ және орыс бөлімдерінде білім алушы 4-курс студенттері қатысты. Сәйкесінше сауалнама қазақ және орыс тілдерінде жүргізілді. Қазақ тіліндегі сауалнамаға 20 респондент және орыс тіліндегі сауалнамаға 20 респондент қатысты. Сауалнама Google Forms платформасы арқылы анонимді түрде жүргізілді.

Сауалнаманың төлқұжаттық бөлімінде респонденттерден олардың жасы, ұлты, жынысы, туып-өскен жері, оқитын мамандығы туралы сұралды.

Сауалнаманың екінші бөлімінде респонденттерге келесі сұрақтар қойылды: *қандай тілдерді білесіз?; ана тіліңіз қай тіл?; Сіз үшін басым тіл қайсы?; отбасыңызда қай тілде сөйлесіз?; университетте немесе басқа ресми жерлерде қай тілде сөйлейсіз?; достарыңызбен қай тілде сөйлесесіз?; жалпы қарым-қатынас барысында ең жиі қай тілді қолданасыз?; сөйлеу бары-*

сында тілдерді араластырып сөйлейсіз бе?; Қай тілдерді жиі араластырасыз?; шет тілінен енген кірме сөздерді немесе слэнгтерді жиі қолданасыз ба?; Сіз үшін бір тілде таза сөйлеу маңызды ма, әлде тілдерді араластырып сөйлегенде тұрған ештеңе жоқ деп есептейсіз бе? Өз ойыңызды білдірсеңіз!.

Қазақ тіліндегі сауалнамаға қатысушы респонденттердің төртеуі 20 жаста, бесеуі 21 жаста және біреуі 22 жаста. Ал, орыс тіліндегі сауалнамаға қатысушы респонденттердің екеуі 20 жаста, 15-і 21 жаста және үшеуі 22 жаста.


Қазақ тіліндегі сауалнамаға қатысушы респонденттердің барлығы қазақ ұлтының өкілдері болды. Орыс тіліндегі сауалнамаға қатысушы 1 респондент – түрік, 1 респондент – өзбек және тағы 1 респондент ұйғыр ұлтының өкілдері, ал қалған 17 респондент қазақ ұлтынан.

Сауалнамаға 100% әйел адамдар қатысқан.


Қазақ тіліндегі сауалнамаға қатысушы респонденттердің үшеуі Алматы қаласынан, біреуі Астанадан, төртеуі Батыс өңірінен, ал 12 респондент еліміздің Оңтүстігінен.

Орыс тіліндегі сауалнамаға қатысушы респонденттердің жетеуі Алматы қаласынан, біреуі Ақтөбеден, біреуі Шығыс Қазақстаннан, біреуі Павлодар қаласынан, сегізі Оңтүстік өңірден, біреуі Ресей Федерациясынан, тағы біреуі Өзбекстан Республикасынан келген қазақтар.

Респонденттердің «*қандай тілдерді білесіз?*» деген сұраққа берген жауаптарына қарап қазіргі қазақстандық жастардың тілдік репертуарының алуантүрлілігін аңғарамыз. Жастардың шет тілдерін меңгеруге деген ұмтылысы экономикалық және басқа да экскралингвистикалық факторларға байланысты. Жастардың тілдік репертуарының қалыптасып дамуына мемлекеттегі тілдік саясат, елдің геосаяси ахуалы, шет тілдерін меңгеруге деген қызығушылық және т.б. алғышарттар әсер етеді. Респонденттердің тілдік репертуары қазақ тілімен туыстас және типологиялық та, генеологиялық та алшақ тілдерден тұрады. Сауалнамаға қатысқан студенттер шет тілінің мұғалімі мамандығында оқитын болғандықтан, олардың тілдік репертуары дәл осындай алуантүрлі болатыны күтілді. Зерттеудің мақсаты да осындай алуантүрлі тілдік репертуар жағдайында ана тілін және шет тілдерді қолдану үдерісі қандай сипатта жүретін анықтау болатын. Төмендегі диаграммалардан қазақ және орыс тіліндегі сауалнамаларға қатысқан респонденттердің тілдерді меңгеруінің сандық көрсеткіштерін көруге болады.



1-сурет – Қазақ тіліндегі сауалнамаға қатысушы респонденттердің тілдерді меңгеруінің сандық көрсеткіші



2-сурет – Орыс тіліндегі сауалнамаға қатысушы респонденттердің тілдерді меңгеруінің сандық көрсеткіші

Сауалнамада берілген келесі сұрақ «*ана тіліңіз қай тіл?*» сұрағы. Қазақ тіліндегі сауалнамаға қатысушы респонденттердің барлығы ана тілі ретінде қазақ тілін көрсеткен. Ал, орыс тіліндегі сауалнамаға қатысқан студенттердің 15-і ана тілі деп қазақ тілін көрсетсе, бір респондент қазақ және орыс тілдерін қатар белгілеген. Сонымен қатар, екі респондент ана тілі деп орыс тілін, бір респондент өзбек тілін және бір респондент ұйғыр тілін ана тілі деп есептейді. Ескере кетерлік жайт, ана тілін орыс тілі деп көрсеткен респонденттің екеуі де этностық қазақтар. Осы орайда, сөйлеушілердің этностық ерекшеліктері олардың репертуарындағы қандай да бір тілді ана тілім деп есептеуіне бөгет бола алматынын

көреміз. Кез келген тұлға өзінің тілдік репертуарындағы тілдермен өзін әртүрлі сәйкестендіреді.

Басым тілін көрсетуі туралы келесі сұраққа қазақ бөлімінде оқитын 16 респондент қазақ тілі деп жауап берді. Екі респондент басым тіл деп орыс тілін, бір респондент қытай тілін және тағы бір респондент қазақ және орыс тілдерін қатар белгілеген.

Орыс бөлімінде оқитын респондент-студенттердің біреуі басым тіл деп қазақ тілін, үш респондент қазақ және орыс тілдерін, 13 респондент орыс тілін және бір студент орыс-ағылшын тілдерін көрсеткен.

Сауалнаманың келесі сұрағы – «*отбасыңызда қай тілде сөйлесіз?*». Қазақ тобында оқитын

студенттердің 19-ы қазақ тілінде, алтауы орыс тілінде де сөйлейміз деп жауап берген.

Орыс бөлімінде оқитын респонденттердің 13-і қазақша, 14-і орысша сөйлейміз деп жауап берген. Этностық ерекшеліктеріне сәйкес үш студент отбасында өзбек, түрік, ұйғыр тілдерінде сөйлейміз деп көрсеткен.

Университетте немесе басқа ресми жерлерде қазақтілді респонденттердің 18-і қазақша, тоғызы орысша және төртеуі ағылшынша сөйлейтінін, орыстілді респонденттердің бесеуі қазақ тілінде, 18-і орыс тілінде, 10-ы ағылшын тілінде сөйлейтінін көрсеткен.

Респонденттердің *«достарыңызбен қай тілде сөйлесесіз?»* деген сұраққа берген жауаптарына қарап, жастардың өзара қарым-қатынасы тек қазақ және орыс тілдерінде емес, оған қоса басқа да шет тілдерінде жүзеге асады деп қорытындылауға болады.

Қазақ тіліндегі сауалнамаға қатысушы респонденттердің 19-ы достарымен қазақ тілінде, алтауы орыс тілінде, бесеуі ағылшын тілінде және біреуі қытай тілінде сөйлесетінін көрсеткен. Ал, орыс тіліндегі сауалнамаға қатысушы респонденттердің 10-ы достарымен қазақ тілінде, 19-ы орыс тілінде, тоғызы ағылшын тілінде сөйлесесіз деп жауап берген.

«Жалпы қарым-қатынас барысында ең жиі қай тілді қолданасыз?» деген сауалға қазақтілді респонденттердің 18-і қазақ тілін, бесеуі орыс тілін және біреуі ағылшын тілін белгілеген. Орыстілді респонденттердің тоғызы қазақ тілін, 18-і орыс тілін, екеуі ағылшын тілін, біреуі өзбек тілін көрсеткен.

Сауалнаманы құрастыру барысында респондент ретінде таңдалып отырған жастардың шет тілінің оқытушысы мамандығында оқитыны ескеріліп, сөйлеу барысында тілдерді араластырып сөйлейсіз бе деген сұрақ енгізілді. Орыс тіліндегі сауалнама қатысушылардың барлығы бұл сұраққа «иә» деп жауап берсе, қазақ тілді респонденттердің екеуі мүлде араластырмайтынын көрсетсе, 18-і сөйлеуді тілдерді араластырмаймыз деп жауап берген.

Сауалнамаға қатысушы жастардың барлығы дерлік сөйлеу кезінде қазақ, орыс, ағылшын тілдерін араластырып сөйлейміз деп жауап берген. Кейбір студенттер қазақша сөйлегенде орыс тілін, ал кәрісше сөйлегенде қытай және ағылшын тілдерін араластыратынын айтқан.

Қазақ тіліндегі сауалнамаға қатысушылардың төртеуі, ал орыс тіліндегі сауалнамаға қатысушылардың біреуі кірме сөздер мен сленгтерді

мүлде қолданбаймыз деп жауап берсе, қалған 35 респонденттің барлығы шет тілінен кірген элементтерді сөйлеуінде қолданатынын көрсеткен.

Тілдік репертуарында ана тілінен өзге бірнеше шет тілдері бар жастардың тілдерді араластырып сөйлеуге қатысты пікірлері алуантүрлі. Жастардың бір тобы араластырып сөйлеген дұрыс емес десе, екінші бір тобы араластырып сөйлегенде тұрған ештеңе жоқ деп санайды. Қазақ тіліндегі сауалнамаға қатысқан респонденттердің жауаптарының арасында келесідей ой-пікірлер болды: маңызды деп ойлаймын, алайда өзім араластырып сөйлеймін; бір тілде таза сөйлеген дұрыс. алайда көп тіл оқығаннан кейін, кейде басқа тілде бір сөз есіңе түсіп, қазақ тілінде есіңе түспей қалады; тіл тірі құбылыс, әсіресе біз Ұлы жібек жолының, осы сауда ең қарқынды дамыған аймақтың біріндеміз, сондықтан араластырып сөйлеу ол біз үшін табиғи құбылыс; мен үшін күнделікті өмірде бұл норма. ал ресми кездесулерде немесе белгілі бір жұмыс орнында қызмет көрсету кезінде таза сөйлеген дұрыс деп есептеймін; қатты маңызды емес, бірақ қазақ тілі басымырақ болу керек деп ойлаймын; әрбір тілде сауатты сөйлеу маңызды деп ойлаймын; қазақша сөйлегенде просто, еше деген сөздерсіз таза қазақша сөйлегім келеді; бір тілде таза сөйлеудің маңыздылығы көп. алайда, араластырып сөйлеуді де үлкен мәселе деп ойламаймын. орын орнымен сөздерді қолдану, өз ана тілінді ұмытпай, сөздік қорыңды кеңейтіп тұру маңыздырақ; өз ортам қазақ тілді болған соң, жиі қолданатын тілім қазақ тілі. араластырмаймын, бір тілде сөйлеймін; араластырып сөйлегенде тұрған ештеңе жоқ деп ойлаймын, әсіресе екі тілді мемлекетте өмір сүріп жатқаннан кейін, халықтың юасым көпшілігі тілдерді араластырып сөйлейді; иә, менің ойымша бір тілде таза сөйлеу маңызды, дегенмен тілдерді араластырып сөйлеу немесе тек таза сөйлеу әр адамның өз таңдауы.

Орыстілді жастардың берген жауаптары қазақтілді респонденттердің жауаптарына ұқсас: я считаю, что с друзьями и семьей можно смешивать языки, если это не деловая встреча. на официальных встречах следует говорить на одном языке — на английском, русском или казахском, в зависимости от ситуации; важно говорить чисто. если вы знаете несколько языков, то важно для меня выражаться на каждом из них чисто без смешивания с другими языками; если человек умеет свободно излагать свои мысли на родном языке при необходимости, то в остальных случаях, более неофициальных, смешивать

вать несколько языков я считаю абсолютно нормальным; я думаю, что смешивание нескольких языков, хорошо влияет на работу мозга. человек развивает критическое мышление; нет, не важно! смешение языков неизбежно, когда человек знает несколько языков; зависит от того где и с кем говорим, если с друзьями, смешивание языков считаю нормальным. если формальная обстановка, придерживаюсь использования одного языка и против смешивания.

Респонденттердің сауалнамаға берген жауаптарын талдай отырып, жастардың тілдік репертуары бай екенін және тілдік репертуар неғұрлым алуантүрлі болған сайын тілдерді араластырып сөйлеу жиі орын алады деп қорытындылауға болады. Лингвистер адам санасындағы тілдер бәсекелестігі туралы тың зерттеулер жүргізуде (Sarrett, 2021). Тілдік репертуарында екі тілден көп адамдардың миында, жалпы санасында оның меңгерген тілдерінің барлығы өмір сүру құқығы үшін таласып, өзара бәсекелеседі (Bardel, Falk, 2007). Сөйленіс тудыру барысында тілдер әрдайым бір-біріне кедергі келтіріп отырады. Тілдесім тақырыбы, коммуникативтік серігі, қарым-қатынас қажеттілігі сияқты факторларға байланысты бір тіл басқа тілдерден басымырақ болса да, басқа тілдерде сөйлеу өндірісі кезінде бәсекелестікке түсіп отырады (Christoffels, 2013).

Жастардың тілдік репертуарының бір ерекшелігі олардың тілдерді араластырып сөйлеуі, санасында тілдік жүйелерді ажырата алмай, бір тілдік жүйенің үстіне екінші тілдік жүйені қабаттастырып сөйлеу болса, екінші мәселе ана тілінің фонетикалық, лексикалық, морфологиялық және синтаксистік жүйелерінің шет тіліне және керісінше шет тілінің интонациялық, лексика-грамматикалық ерекшеліктерінің ана тілінде сөйлеуіне әсер етуі. Зерттеудің келешектегі міндеттері осы мәселелерді шешуге бағытталады.

Қорытынды

Жастар тілін зерттеуге деген қызығушылық сандық технологиялардың дамуымен, үкіметаралық білім беру гранттары мен халықаралық академиялық ұтқырлық бағдарламаларының көбеюімен арта түсті деуге болады. Себебі, аталған факторлар жастардың лингвистикалық қорының молаюындағы негізгі катализаторлар болып табылады. Жастар тілі қандай да бір мемлекеттегі қазіргі тілдік жағдаятты көрсететін индикатор іспеттес. Мемлекет аумағында жүзеге асатын

тілдік саясаттың басым бағыттарын жүзеге асыратын да жастар болып табылады. Сондықтан, жастардың тілдік репертуарын зерттеу лингвистер үшін қай кезде болмасын өзекті.

Кез келген қоғам мүшелерінің өзара әрекеттесуі үшін қолданатын тілдік ресурстарының жиынтығы сол қауымдастықтың тілдік репертуар құрайды. Тілдік репертуарды құрайтын тілдік ресурс ретінде сол әлеуметтік топ сөйлейтін барлық тілдер, диалектілер, кодтар мен субкодтар, регистрлер мен стильдер, жалпы сөйлеу әдебі қарастырылады. Тілдік репертуар құрамына енетін тілдердің функционалдық тұрғыдағы белсенділігі, өміршеңдігі мен әлеуеті сол тілдердің қолданылу жиілігімен анықталады.

Тілдік репертуар ұғымы тіл біліміндегі іргелі зерттеулердің сипатын өзгертіп, тілді консервативті түрде зерттеуге қарағанда, оның әртүрлі нұсқаларын немесе тілдердің басқа тілдермен қатынасқа түсудегі қабілетін зерттеуге көңіл бөлуге септігін тигізді. Тілдік репертуар белгілі бір әлеуметтік контексттерде ана тілінің және басқа да шет тілдерінің жұмсалымдығын сипаттайтын деректерді қамтитын феномен. Репертуар тұжырымдамасы құрылымдық-типологиялық гетерогенділікке және тілді қалау мен тілді таңдаудың әлеуметтік мәніне, тілдің өзгеруін зерттеуге және тіл мен әлеуметтік құрылым арасындағы байланысқа назар аударады.

Қазақстан жастарының тілдік репертуары алуантүрлі. Бұндай алуантүрлілік елдер арасындағы ұзақ жылдар бойғы географиялық көршілестік, тарихи-саяси факторлар, экономикалық серіктестік, мемлекет деңгейіндегі тілдік саясат әсерінен және тұлғаның индивидуалды мақсат-міндеттерінің орындалуы нәтижесінде қалыптасқан деуге болады. Тілдік репертуарында ана тілінен өзге шет тілдерінің болуы сөйлеушілерге оң және теріс әсерін тигізеді деп пайымдауға болады. Тілдік репертуарында көп тілдің болуы ойлау үдерісіне де салмақ салады. Себебі, тілдік ресурстардың көптігі сөйлеу өндірісі және ойлау үдерісі кезінде біршама қиындықтар тудырады. Ақпаратты бір тілде кодтап, екінші тілде декодтау қосымша күш пен уақытты талап етеді.

Жастардың тілдік репертуарында бірнеше тілдердің болуы сол тілдерді араластырып сөйлеуге әкеледі. Зерттеу нәтижелеріне сүйенсек, жастардың бір тобы тілдерді араластырмай таза сөйлеу қажеттілігін алға тартады, ал екінші бір тобы көптілді адамдардың тілдерді араластырып сөйлеуі заңды құбылыс деп есептейді. Десек те, студент жастар көп тіл білуімен шектелмейтінін,

оған қоса сол тілдерді қолданудың қағидаларын білетіні анықталды. Отбасында, достарымен, оқуда, ресми жерлерде тілдерді саналы түрде қолданатынын зерттеу нәтижелері көрсетіп отыр.

Жаһандану дәуірінде тілдік репертуардың бай болуы заман талабы екені белгілі. Әсіресе,

жастар жаңа тілдерді үйренуде ерекше белсенділік танытады. Жастардың тілдік репертуарлары динамиклық түрде өзгеріп отырады. Бұндай динамика заңды құбылыс. Алайда, алуантүрлі тілдік репертуарды құрайтын ана тілін және басқа шет тілдерін оңтайлы үйлестіріп, орынды пайдалана білу аса маңызды.

References

- Bajmyrza, A. (2021). Language Identification Processes of the Youth. *Tiltanym*. Vol. (3). P. 28-36.
- Bardel, C. Falk, Y. (2007). The role of the second language in third language acquisition: The case of Germanic syntax. *Second Language Research*, Vol. 23 (2007), P. 459-484.
- Bhabha, H.K. (1994). *The Location of Culture*. Routledge.
- Blommaert, J., Backus, A. (2011). *Repertoires revisited: Knowing language in superdiversity*. Working Papers in Urban Language & Literacies, P. 67. Tilburg: Tilburg University.
- Busch, B. (2006). Language biographies for multilingual learning: Linguistic and educational considerations in B. Busch, A. Jardine, and A. Tjoutuku (eds): *Language Biographies for Multilingual Learning*. PRAESA Occasional Papers. Vol. 24, P. 5-17.
- Busch, B. (2015). Expanding the notion of the linguistic repertoire: on the concept of *spracherleben*-the lived experience of language. *Applied Linguistics*, Vol. 38(3), P. 1-20.
- Christoffels, I., Kroll, J.F., Bajo, T. (2013). Introduction to bilingualism and cognitive control. *Frontiers in Psychology*. Vol. 4. P. 199.
- Consejo de Europa (2001). *Marco común europeo de referencia para el aprendizaje, la enseñanza y la evaluación de lenguas*. Madrid: Instituto Cervantes-Ministerio de Educación, Cultura y Deporte- Editorial/Anaya.
- Finegan, E. (2004). *Language: its structure and use*. Boston, Thomson Wadsworth. P. 319.
- Fishman, J. (1972). *The sociology of language*. Rowley, Mass.: Newbury House. P. 48.
- Garrett, B. (2016). Foundations of the cultural repertoire: Education and social network effects among expectant mothers. *Poetics*. Vol. 55, P. 19-35.
- Gumperz, J.J. (1960). Formal and informal standards in Hindi regional language area (with C. M. Naim), in C. A. Ferguson and J. J. Gumperz (eds): *Linguistic Diversity in South Asia*, Vol. III. RCAPF-P. *International Journal of American Linguistics*. Vol. 26/3, P. 92-118.
- Gumperz, J.J. (1964). Linguistic and social interaction in two communities. *American Anthropologist*. Vol. 66/(6/2), P. 137-53
- Kachru, B.B. (1982). The Bilingual's Linguistic Repertoire. In: Hartford, B., Valdman, A., Foster, C.R. (eds) *Issues in International Bilingual Education*. Topics in Language and Linguistics. Springer, Boston, MA.
- Kalashnikova, A.A. (2014). On the formation of modern youth jargon [On the formation of modern youth jargon]. *MGUKI Bulletin*. Vol. 6 (62), P. 222-22. (in Russian)
- Kasumova, M.YU. (2019). *Molodezhnyj sleng kak komponent molodezhnogo diskursa* [Youth slang as a component of youth discourse]. *Aktual'nye problemy gumanitarnykh i estestvennykh nauk* [Actual problems of the humanities and natural sciences.]. Vol. 7. P. 63-65. (in Russian)
- Kenzhegalieva, M.K. (2024). *Izmenenie dinamiki ispol'zovaniya kazakhskogo yazyka sredi molodezhi v usloviyakh poliyazychiya* [hanging the dynamics of the use of the Kazakh language among young people in the context of multilingualism.]. *Vestnik KaZNPU imeni Abaya. Seriya: Filologicheskie nauki* [Bulletin of Abai KazNPU. Series: Philological sciences.]. Vol. 4 (90), P. 23-33. (in Russian)
- Maleeva, D.A. (2011). *Rol' molodezhnogo i komp'yuternogo slenga v sisteme yazyka* [The Role of Youth and Computer Slang in the Language System]. *Vestnik VoLGU. Seriya 9: Issledovaniya molodykh uchenykh*. Vol. 9. P. 19-21. (in Russian)
- Sarrett, M.E., Shea, C., McMurray, B. (2021). Within-and between-language competition in adult second language learners: implications for language proficiency. *Language, Cognition and Neuroscience*, 1-17.

Авторлар туралы мәлімет:

Досанова Альбина Маратхановна – PhD докторы, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің аға оқытушысы (Алматы, Қазақстан, e-mail: adossanova@gmail.com);

Жанибекова Алтынай Буранғалиевна (корреспондент автор) – Phd докторант, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті (Алматы, Қазақстан, e-mail: zhanibekova.altynai@gmail.com);

Буранғалиева Асель – оқытушы, Халықаралық білім беру корпорациясы (Алматы, Қазақстан, e-mail: burangalieva.aselya@gmail.com);

Жолмырзаева Дана – Phd докторант, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті (Алматы, Қазақстан, e-mail: zholmyrzaeva@mail.ru).

Свидения об авторах:

Досанова Альбина Маратхановна – PhD, старший преподаватель Казахского национального университета имени аль-Фараби (Алматы, Казахстан, e-mail: adossanova@gmail.com);

Жанибекова Алтынай Буранғалиевна (корреспондент-автор) – PhD-докторант, Казахский национальный университет имени аль-Фараби (Алматы, Казахстан, e-mail: zhanibekova.altynai@gmail.com);

Буранғалиева Асель – преподаватель, Международная образовательная корпорация (Алматы, Казахстан, e-mail: burangalieva.aselya@gmail.com);

Жолмырзаева Дана – докторант PhD, Казахский национальный университет имени аль-Фараби (Алматы, Казахстан, e-mail: zholmyrzayeva@mail.ru).

Information about authors:

Dossanova Albina Maratkhanovna – PhD, senior lecturer at Farabi Kazakh National University (Almaty, Kazakhstan, e-mail: adossanova@gmail.com);

Zhanibekova Altynai Burangaliyevna – PhD student, Al-Farabi Kazakh National University (Almaty, Kazakhstan, e-mail: zhanibekova.altynai@gmail.com);

Burangaliyeva Assel – lecturer, International Educational Corporation (Almaty, Kazakhstan, e-mail: burangalieva.aselya@gmail.com);

Zholmyrzayeva Dana – PhD student, Al-Farabi Kazakh National University (Almaty, Kazakhstan, e-mail: zholmyrzayeva@mail.ru).

Келіп түсті: 10 сәуір 2025 жыл
Қабылданды: 1 маусым 2025 жыл